

## Талабы биік тарихшы

Қырық жыл есепші, жиырма жыл шежіреші Мырзабай ақсақалды тарихи тақырыптар, ата-баба шежіресі бала кезден қызықтыратын. Әйткенмен бұл бағытқа тереңдеп, дендеп еруге алпысқа таяғанда ғана кірісті. Жітіқара ауданында туып-өскен азамат сонда қырық жыл есепші-экономист қызметін атқарған. Бұл күнде жасы сексенге жақындаған қария аттан түспек емес. Төртінші кітабының толықтырылған нұсқасын баспаға дайындап жіберді.

Мырзабай Жақсылықов қазір Заречный ауылында тұрып жатыр. Мұнда көшіп келгеніне он бес жыл. Зерттеп-зерделеп жүрген негізгі тақырыбы – Кіші жүз Жағалбайлы тайпасының шежіресі. Ең алғашқы кітабы 2004 жылы жарыққа шықты. Одан кейін толық-тырулармен тағы екі рет басылды. «Ата тегің – тамырың» деп аталатын төртінші жинағының мың беттік толық нұсқасы бірер күнде қолына тиеді. Онысы алдында 600 беттік кітап болатын.

Мырзабаевтің ендігі бір ойы – үш томдық еңбегін Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты, кең көлемде, рес-публикалық баспадан шығару. Осы тілегін ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне хат арқылы жеткізген. Ұсынысының қаралатыны жөнінде жауап келді.

Белгілі шежіреші кезінде, 2007 және 2011 жылдары мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа да хат жолдапты. Елбасы бұл кісінің еңбегін бағалайтынын, қолдайтынын білдірген.

– Президентке хат жазған себебім, осы іске, шежіре жинауға деген ойын, пікірін білгім келді. Өйткені қоғамда әртүрлі пікірлер бар ғой. Бірі «мұныңыз дұрыс» десе, екінші біреулер басқаша пікірде. Бірақ мен барлық кедергілерді жеңген адаммын. Талай сынға да кезіктім. Алайда, сынға құлақ асып, кемшін тұстарды жөндеп отырдым. Жағалбайлы руынан шыққан тұлғалар туралы қаршадайымнан естіп өстім. Әкемнің, үлкен шалдардың айтқан әңгімелері құлағымнан кетпей қойды. Сөйтіп, өзіме аманат арқала-ғандай сезіндім. Ұрпаққа өнеге болсын деп кірістім. Турасына келсек, шежіреге бойлап кіруіме «жарты патша» атанған даңқты бабамыз Дербісәлі Беркімбаев туралы ізденуім себеп еді. Кейін менің еңбектеріме сүйеніп, көптеген мақалалар, ғылыми дүниелер жазылды. Қос-танайдағы оқу орындарының Райымбек Тәженов пен Жанар Әлмырза есімді түлектері дипломдық жұмыстарын осы тақырыпта қорғады. Менің тапқан деректерімді пайдаланып кетіп жатқандар да бар. Сол үшін еңбектерімді заңдастырып алдым, – дейді Мырзабай Назарбайұлы.

Өзі айтқандай, ол туған халқын Дербісәлі Беркімбаев туралы көптеген деректермен қауыштырды. 2001 жылы сонау Жаманқалаға (қазақтар кезінде солай атаған, қазіргі Ресейдегі Орск қаласы) дейін барып, одан 25 шақырым жердегі зиратының басына зиярат етіп қайтты. Елеусіз жатқан бейіті басына 2006 жылы ұрпақтары іздеп барып, үлкен мазар тұрғызды. Дербісәлі Беркімбаев 1837-1913 жылдары өмір сүрген қазақтың біртуар ұлдарының бірі. Жарты ғасырдан артық уақыт ел билеп, Қостанай өңірінде мектептер, жылқы зауытын тұрғызуға тікелей ықпал еткен тұлға. 1900 жылы Орск шаһарындағы өзі салдырған мешітке аты берілген. Сонымен қатар, Мырзабай ақсақал Жағалбайлы руының әрқилы заманда ел аузына ілік-кен ерлері мен би-шешендерінің де түп-тамырын жіктеп, жазып шықты. Ақтөбе облысындағы кейбір тарихшылар Мырзабай Жақсылықовқа сілтеме жасай отырып, жоңғарлармен шайқаста ерлігімен көзге түскен Тайлақ батыр туралы жинаған дәйек-мағлұматтарын өз еңбектеріне арқау етті.

Шежіреші басылымдарға өзі де мақалалар беріп жүр. «Казахстанская правда», «Қостанай таңы» газеттерінде біршама дүниелері жарияланды. Мырзабай Жақсылықовтың ізденісін, еңбекқорлығын өңірдегі тарихшылар да бағалап отыр. Өйткені ол бірізділіктен, тарихи шындықтан ауытқымау үшін кәсіби мамандармен кеңесіп, бағыт-бағдар алып тұрады. Сондай ұстаздарының бірі – тарих ғылымының докторы, белгілі ғалым Аманжол Күзембайұлы.

– Менің ізденіске білек түріп кіріскенім сондай, Қазақстанның сегіз облысын араладым. Оған Ресейдің Челябин және Орск аймақтарын қосыңыз. Тіпті, кейде айлап үйге қонбаған кездерім

болды. Соның нәтижесі міне, ұрпағым айтып отыратын дүние жазып шығардым, – дейді ақсақал. Мырзабай ата жұбайы екеуі төрт ұл сүйді. Одан тараған ұрпақ, құдайға шүкір, өзінің өсиетімен, тәлімімен жетіліп жатыр. Алпыс жыл отасқан жары екеуі 11 немере мен 9 шөберенің қызығын көруде. Төрт ұрпақтың бір шаңырақ астында өмір сүруінің өзі біраз жайды аңғартса керек. Осындай өнегелі отбасы бар.

Сөзімді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты кітабынан келтірілген үзіндімен аяқтасам деймін: «Мен үшін ата-баб рухына, аруаққа бас ию сезімдері олардың идеалын жалғастыру деген сезімдермен астасып кеткен. Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының басталуын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Қазақта мынадай мақал бар: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз».

Аслан ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ